

2014 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 135/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 мамырда № 3816 болып тіркелді Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімі аппарат басшысының 2015 жылғы 08 қаңтардағы N 31/1-3618 хатымен)

Ескерту. Күші жойылды - қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Лебяжі ауданы әкімі аппарат басшысының 08.01.2015 N 31/1-3618 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" № 221 қаулысының 12-тармағына сәйкес, Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері және 2014 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	А. Құрманова
	Лебяжі ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 135/4 қаулысына қосымша

2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімдерді ұсыну мерзімдері және оңтайлы себу мерзімдері

№ р/с	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінім беру мерзімдері	Себу мерзімдері
1.	Дәнді дақылдар, сүрлемге арналған жүгері	10 маусымға дейін	25 мамырдан 30 мамырға дейін
2.	Біржылдық шөптер	10 маусымға дейін	25 мамырдан 31 мамырға дейін
3.	Көпжылдық шөптер көктемгі ерте егістік үшін жазғы кеш егістік үшін	10 маусымға дейін	10 тамыздан бастап 25 тамызға дейін
4.	Күздік қарабидай	10 маусымға дейін	25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК